

***Мектеп психологінің 2023-2024 оқу жылы бойынша
психологиялық қызметтің ұйымдастырылуы туралы жылдық есебі***

1

Жем қаласының №5 ЖББО мектебінде 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспары құрылып, бекітілді.

Мақсаты: оқу-тәрбие процесіне қатысушылардың психологиялық салауаттылығы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Міндеттері:

*Білім беру ұйымында әр баланың психикалық және жеке дамуын қамтамасыз ететін психологиялық жағдайларды құру және қолдау;

*Білім беру процесіне қатысушылардың жас, психологиялық және гендерлік ерекшеліктерін ескере отырып, тұлғаның зияткерлік және адамгершілік дамуын тиімді қамтамасыз ету;

*Білім берудің барлық деңгейлерінің кеңістігіне жеке, мәдени, әлеуметтік - кәсіби даму бағыттарын кіріктіру.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері: психологиялық білім беру(алдын алу, ағартушылық қызмет), психологиялық консультация, психологиялық диагностика, психологиялық түзету-дамыту, психологиялық жетелеу және әлеуметтік-психологиялық бейімдеу.

Білім беруде мектеп климатын бағалау үшін индикаторларды әзірлеу (өмірлік қиын жағдайға тап болған білім алушыларға педагогикалық-психологиялық, әлеуметтік қолдау көрсету алгоритмін және жұмыс жоспарын дайындау), әдістемелік ұсынымдар даярлау.

Оқу жылының басында әр сынып жетекшімен бірлесе отырып, әр ата-анадан психологиялық сүйемелдеуге келісім алынды. Барлық ата-ана психологиялық сүйемелдеуге келісім берді. Оқушылардың жеке папкалары реттеліп, жинақталды.

Жаңадан келген оқушылар электронды журналға тіркеліп, кеткен оқушылар мен түлектер журналдан шығарылды. Жоспар бойынша жұмыстар электронды журналға салынып, хаттамалары тіркелді.

Жылдық жоспарға сәйкес I жартыжылдықта 5 бағыт бойынша төмендегідей жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

№	Жалпы оқушы саны	Мектепішілік есепте тұрған оқушы	Діни бағытты ұстанатын оқушы	Келеңсіз отбасы	Инклюзив	Аудандық есепте тұрған оқушы
1	182	54	-	1	-	-

6 қыркүйек күні 1сынып ата-аналарынан сауалнама алынды.

Мақсаты: бірінші сыныпқа келген оқушы туралы ақпарат алу

Сауалнама нәтижесі төмендегідей қорытындыланды.

15-18 балл- сіздің балаңыз мектепке дайын деуге болады. Сіз онымен уақытыңызды текке кетірімсіз, егер мектепте қандай да бір қиындықтар кезіксе- ол тез шешілетін мәселе.	10-14 балл- сіз дұрыс жолдасыз, балаңыз көп нәрсені үйреніп қалды, ал сіздің ол сұрақтарға жауап бермеуіңіз- әлі де біраз тер төгу керек дегенді білдіреді.	9 және одан да төмен балаңызға арнайы әдебиеттерді көп оқып беріңіз, оған уақытыңызды көбірек бөліңіз және балаңыздың нені істей алмайтынын біліп, соны алып кетуіне көмектесіңіз.
4 ата-ана	12 ата-ана	1 ата-ана

11 қыркүйек күні «Бірінші сыныпқа бейімделуге көмек» тақырыбында 1сынып оқушылары үшін тренинг сабақ ұйымдастырылды.

Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларын жаңа әлеуметтік даму жағдайына бейімделу кезеңінде психологиялық- педагогикалық қолдау жасау. Бірінші сынып оқушыларында пайда болуы мүмкін мектептік бейімсіздену және мазасыздықтың алдын-алу жұмысын жүргізу.

Сабақ барысында оқушылардың арасында жағымды қарым-қатынас орнату, сыйластыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу мақсатында ойын-жаттығулар жүргізілді. Оқушылар ойын барысында өздерін сенімді, еркін ұстап ойынға белсене қатысты. «Өз құйрығын тістеген айдаһар» жаттығуы оқушылар ыңғайсыздық пен шиеленісті шеше алу мақсатында жүргізілді. «Мен сөмкеме саламын» жаттығуында балалардың мектепке не үшін баратындықтары туралы түсініктерін қалыптастырды. Сабақ соңында оқушылар сабақ ұнады ма деген сұраққа жауап беріп, өздерінің алған әсерлерімен бөлісті.

12 қыркүйек күні 5 сынып оқушыларымен «Бірінші рет 5 сыныпқа» тақырыбында тренинг өткізілді.

Максаты:

- 5 сыныпта оқушыларына жаңа оқу жылына сәтті бейімделуіне әлеуметтік- психологиялық жағдай жасау;
- Мен-концепциясы, нақты өзі-өзі бағалау мен төмен мектеп дербестігі арқылы тұрақты оқу мотивациясын қалыптастыру. Құрдастармен, мұғалімдермен қарым-қатынас жасауға қажетті балаларының әлеуметтік және коммуникативтік икемділіктерін дамыту.



Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша суицидтің алдын алу бойынша жоспарға сәйкес төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

13 қыркүйек күні 7 сынып оқушылары үшін «Пікірталас-жанжал емес» тренингі өткізілді.

Максаты: жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті)

амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен зорлықзомбылықсыз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдылану.



18 қыркүйек күні 5-6 сынып оқушылары үшін «Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді.

Максаты: Қауіптен бас тартқан жағдайдағы әлеуметтік дағдыларды дамыту;

Бақылау және өзін-өзі қалағалау сәттеріндегі дағдыларды дамыту;

Қарым-қатынастың вербальды және басқа құралдарды дамыту;

Әлеуметтік ықтимал қауіпті жағдайларды айыры білу қабілеттерін қалыптастыру; Әлеуметтік қауіп жағдайларындағы іс-әрекет амалдары туралы көріністерді дамыту.



20 қыркүйек күні «Қайырымды істер марафоны» атты апталық жоспарына сәйкес, 10-11 класс оқушыларына Армандар картасын жасау ұйымдастырылды.

Армандар картасы – адам баласының ой-елегіндегі барша арман тізбегінің қағазға түсіп, оның орындалатындығына деген толық сенімнен туындаған визуалды құжат. Ұжымда психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби құлшынысын арттыру, жігерлендіріп көңіл-күйін көтеру. Оқушылар картаны жасағана кезде материалдық дүниені 9 секторға бөліп, көз есептетіп, сонымен қатар

арнайы берілген фотосуреттерді кып, акша, мансап, отбасы, бала-шаға, жетістік, білім, саяхат секторлары бойынша жапсырды.



25 қыркүйек күні 8-9сынып оқушылары үшін «Реніштен арылу» тақырыбында тренинг сабақ жүргізілді.

Мақсаты: - өз-өзін ұстай білуге үйрету;

-басқаларға қиындық туындаған уақытта көмек көрсету мен өзгенін қайғысына, қуанышына ортақтаса алуға үйрету.



26 қыркүйек күні 10-11сынып оқушыларымен «Мен өзімді мақтай аламын» тренингі өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларды күйзеліске қарсы тұра алуға дағдыландыру



27 қыркүйек күні жас мамандар үшін тренинг өткізілді. Тренинг ұстаздарға «Жасөспірімді қалай түсінуге және қабылдауға болады?» деген тақырыпта кеңес беруден басталды.

Мақсаты: жас мамандардың әлеуметтік – психологиялық тұрғыда табысты бейімделуіне үлес қосу.

Міндеті:

- Эмоционалдық қарым –қатынасты тез және нақты орнатуға көмектесу;
- Ұстаздар тобындағы әріптестікті атмосфераға құруға, адамдарға сенуге;
- Өз –өзіне сенімділікті қалыптастыруға, ұжымдық шешімге кіруге көмектесу;



2 қазан күні 5-8 сынып оқушыларынан «Гарднердің интеллект тесті» алынды.

Мақсаты: жеткіншектердің ақыл-ойы мен интеллектуалдық даму деңгейін анықтау

Барысы:

Оқушыларға 13 секция бойынша сұрақтар беріледі. Олар өздеріне сәйкес келетін пікірлерге 1 санын немесе «+» белгісін қойып шығады.

Сауалнама қорытындысы бойынша оқушылардың ең жоғары ұпайына сәйкес типтері анықталды.

3 қазан күні 1 сынып оқушыларына «Керн-Иерасик» тесті алынып, нәтижесі шығарылды.

Мақсаты: оқушылардың мектепке дайындық деңгейін анықтау.

Жоғары – 47 % (8 оқушы) орта – 41% (7 оқушы) төмен – 12% (2 оқушы)

4 қазан күні 5,10 сынып оқушыларының мектепке, мұғалімдерге, сыныптастарына деген қарым-қатынасын, бейімделуін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Нәтижесінде 10 сыныптан 3 оқушының мектепке бейімділігі төмен деңгейді көрсетті. Себебі оқушылардың 9 сыныптан соң колледжге түсуіне ата-аналары қарсы болған. Оқушылармен жеке жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. 5 сынып бойынша оқушылардың мектепке бейімделу деңгейі төмен оқушылар анықталған жоқ.

9 қазан күні 1, 5 сынып оқушыларынан «Менің сыныбым» жобалау тесті алынып, нәтижесі төмендегідей деңгейде шығарылды.

Мақсаты: оқушылардың мектепке қарым қатынасын анықтау.

1 сынып

Мұғалімнен алыста позициясы- 12 %

Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болуы - 70%

Мұғаліммен бірге – 12/23%

Ойын позициясы- 0%

5 сынып

Мұғалімнен алыста позициясы- 11 %

Өзге балалармен өзін теңестіру, жұп болуы – 67 %


Мұғаліммен бірге – 5/22 %

Ойын позициясы- 17 %

10 қазан күні мектеп директоры А.А.Жакасов, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Б.Босназарова, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, учаскелік инспектор Б.А.Амангалидің қатысуымен бірлескен жоспарға сәйкес 9-11 сынып ер балалары үшін «Қылмыс жақсылыққа апармайды» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел барысында оқушыларға сұрақтар қойылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



11 қазан күні «Білім алушылардың мектепке және орта буынға бейімделу мәселелері бойынша ата-аналарға кеңестер беріліп, тренинг-жаттығулар жүргізілді.



13-қазан күні 6-9 сынып оқушылары үшін бірлескен жоспарға сәйкес «Желідегі қауіпсіздік: буллинг және кибербуллинг» тақырыбында ағартушылық жұмыстар жүргізілді.

Максаты: жасөспірім кезеңдегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау,, қиыншылықтардың алдын алу, буллинг туралы ақпараттарын кеңейту



16 қазан күні 6-7сынып оқушыларынан «Вагнер қолдары» әдістемесі алынды. Әдістеме қорытындысы бойынша аутодеструктивті, агрессияға бейім оқушы анықталған жоқ. Максаты: оқушылардың бойындағы стресс, үрей, депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу, ішкі жан дүниесін түсіну, оларға қолдау көрсету

17 қазан күні 8-11сынып оқушыларынан «DASS» сауалнамасы алынды. Максаты: оқушылардың бойындағы стресс, үрей, депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау, келеңсіз жағдайлардың алдын алу, ішкі жан дүниесін түсіну, оларға қолдау көрсету. Сауалнама нәтижесі бойынша үрей, күйзеліс көрсеткіші бойынша жеңіл, орта деңгейдегі 4 оқушы анықталды. Оқушылармен жеке сұхбат өткізіліп, кеңестер берілді.

18 қазан күні 2-4сынып оқушыларымен «Бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық-мотивациялық аймағын түзету-дамыту» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг барысында төмендегідей ойын-жаттығулар өткізілді.

1. Амандасу. «Бумба-Юмба» жаттығуы.
2. «Құнды қасиеттерді жинау» жаттығуы.
3. «Табиғат мінезі» жаттығуы.
4. «Поезд» жаттығуы.
5. «Өз жұбыңды тап» жаттығуы.
6. «Оның есесіне мен...» жаттығуы.
7. «Теңізге саяхат» релаксациялық жаттығу.
8. Қорытынды. «Майшам» жаттығуы.



19 қазан күні 7-11сынып оқушылары үшін «Қыз қылығымен сүйікті» тақырыбында қыздар жиналыс өткізілді. Максаты: қыздармен әңгімелесе отырып, ар-намысын, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу, салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой-өрісін дамыту.



24 қазан күні 5-11 сынып оқушыларынан «Зорлық-зомбылық туралы не ойлаймын?» атты сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды. Сауалнама қорытындысы бойынша зорлық-зомбылыққа тап болған, отбасынан, ортадан зорлық-зомбылық көріп жүрген оқушылар анықталған жоқ.

26 қазан күні 11 сынып оқушылары үшін «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тақырыбында тренинг өткізіліп, кеңестер берілді. Мақсаты: оқушыларға ҰБТ-ға дайындалуға көмектесу, бағыт-бағдар беру, оларға қолдау көрсету. Өзін-тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стресті, мазасыздықты жеңуге көмектесу. ҰБТ-ға дайындалу барысында кез-келген оқушының бойында қорқыныш, мазасыздық, үрей болатынын ескере отырып, оқушыларға «ҰБТ-ға қалай дайындалуға болады?» дәріс оқылды. Дәріс беру барысында оқушыларға:

- жұмыс істеу қабілетін жақсартуға жағдай жасау;
- сабақтардың жоспарын құрастыру;
- материалды сұрақ бойынша қайталау;
- күн тәртібін реттеу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



Педагог кадрлар үшін аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бойынша «Кәсіби-эмоциялық құлдырау синдромының алдын алу» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді.

Кеңес беру барысында «Кәсіби жану деңгейлерінің сатылары» бойынша ақпараттар берілді.



6 қараша күні 8-11 сынып оқушыларынан «Темперамент» тесті алынып, оқушылардың қандай типке жататыны анықталды.

Мақсаты: оқушылардың темперамент типін анықтау

8 сынып бойынша

Флегматик-5

Сангвиник-1

Меланхолик-1

Аралас-1

9 сынып бойынша

Флегматик-7

Сангвиник-3

Меланхолик-3

Холерик-1

10 сынып бойынша

Флегматик-1

Сангвиник-5

Меланхолик-3

Аралас -1

11 сынып бойынша
Холерик-1
Флегматик-1
Сангвиник-1
Меланхолик-3
Аралас -2

8 караша күні 11 сынып оқушылары үшін «Кинезиологиялық жаттығулар» өткізілді.

Максаты: Оқушылардың ҰБТ-қа дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық, эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру;

Оқу танымдық қабілеттерін, есте сақтау, зейіндерін дамыту, өз өзіне сенімділіктерін жоғарылату;

Стресске қарсы тұра білуге тәрбиелеу;

Сабақ барысында көңіл-күйлерін көтеріп, бұлшықеттерін шынықтыру мақсатында түрлі жаттығулар мен ойындар жүргізілді. Сондай-ақ оқушылардың сенімділігін арттыру, бағыт-бағдар беру мақсатында кеңестер берілді.

- Бір істен тез екіншіге ауысып кету;
- Іс-әрекеттің жоғары деңгейде ұйымдастырылуы;
- Жоғары және тұрақты жұмыс қабілеті;
- Жоғары деңгейлі зейін тұрақтылығы;
- Ішкі әрекет жоспарының қалыптасуы;



9 караша күні «ЕБҚ бар оқушылардың таным қабілеттерінің жағдайын зерттеу»

мақсатында мад тәрбиеленушісімен жұмыстар жүргізілді.

Әдістеменің мақсаты: таным қабілеттерінің жағдайын зерттеу

Диагностикалық құралдар: сурет, әңгімелесу.

Нұсқау: тәрбиеленушіге танымдық қабілеттерін анықтауға арналған суреттер берілді. Ол суреттерде берілген тапсырманы орындайды.

Қорытынды:

1. Бейненің тұтас қабылдауын анықтау үшін «Суретте не жасырылған?» әдістемесі беріліп, тапсырманы жоғары деңгейде орындады. Ол берілген суретті тауып, бояп шықты.
2. Зейінін дамыту мақсатында «Астын сыз» әдістемесі бойынша барлық мысықтар мен ұшақтарды біріктіріп жоғары деңгейде орындады.
3. Қабылдауын анықтау үшін «Не жоғалды?» әдістемесі беріліп, нәтижесі орта деңгейді көрсетті.
4. Баланың ойлау қабілетінің даму деңгейін анықтау үшін «Кімді ұмытып кетті?» әдістемесі бойынша жоғары деңгейде орындады.



13-14 қараша күндері 5-11 сынып оқушыларына «Социометрия» әдістемесі жүргізілді. Әдістеме нәтижесі бойынша сыныптағы лидер, оқшау қалған оқушылар анықталып, сынып жетекшілерге таныстырылды.

15 қараша күні 2-4 сынып оқушылары үшін «Мен өзіме сенемін, жетістікке жетемін» тақырыбында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: жаттығулар арқылы балалардың сенімділігін арттыру, алдыға қарай ұмтылуына бағыт-бағдар беру, қолдау

сабақ жоспары бойынша оқушылармен түрлі дамыту жаттығулары жүргізіліп, төмендегі сұрақтар бойынша әр жаттығудан соң талдау жасалды.

Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма?

-Сабақ күшті болды ма, әлде нашар болды ма?

-Кәне, қолмен көрсетейік. Қандай жаттығулар ұнады?



16 қараша күні ЕБҚЕ оқушылардың баланың отбасымен қарым-қатынасын анықтау мақсатында проективті әдістеме жүргізілді. Әдістеме қорытындысы бойынша баланың отбасымен қарым-қатынасы жақсы. Бала ең бірінші суреттен әкесін, анасын және өзін көрсетті. Сонымен қатар басқа отбасы мүшелерін көрсетіп шықты. Сурет арқылы баланың әкесіне жақындығы, өзін ерекше жақсы көретіні байқалды.



20 қараша күні 5 сынып оқушыларынан «Бөтелкедегі қозы» әдістемесі алынып, нәтижесі шығарылды.

Әдістеменің мақсаты: адамның отбасында өзін психологиялық сезінуін диагностикалау.

Әдістеме қорытындысы бойынша сынып жетекшілеріне ата-анамен үнемі байланыста болу.

Тәрбие сағаттарды ата-ана бала арасындағы, отбасындағы жарастықты, сыйластықты қарым-қатынасының дамуына ықпал ету аясындағы тақырыптарда жүргізу жөнінде ұсыныстар берілді.

21 қараша күні 5-7 сынып оқушылар үшін бірлескен жоспарға сәйкес «Қауіпсіз мектеп, қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, адамгершілігі мол, саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Дөңгелек үстел оқушылар арасында ұйымшылдық пен сыйластықты арттыру үшін «Амандасу-таныстыру» жаттығуымен басталды. Содан соң әр сынып топқа бөлініп, сурет салу, постер қорғау, эссе жазу бойынша тапсырмалар орындап, өз жұмыстарын қорғап шықты. Оқушыларға жаман әдеттерден арылып, саналы азамат болып шығуы үшін кеңестер берілді.

23 қараша күні 4-8 сынып ата-аналары үшін «Интернет желісіндегі қауіпсіздік» тақырыбында кеңес берілді.

Мақсаты: балалардың интернетке тәуелділігінің алдын алу, келеңсіз оқиғаларды болдырмау.

Ата-аналарға интернеттің зияны, кәмелетке толмағандар интернеттің қауіп-қатеріне көбірек бейім екені жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, төмендегідей кеңестер берілді.

- Балаларыңызға олар желіде кездесуі мүмкін ықтимал қауіптер туралы айтыңыз.
- Мүмкін болса, компьютерді жалпы бөлмеге қойыңыз.
- Бүкіл отбасымен компьютерде уақыт өткізуге тырысыңыз.
- Балалардан Интернетті пайдалану кезінде өздерін жайсыз немесе жайсыз сезінетін кез келген нәрсе туралы айтуды сұраңыз.
- Балаларға компьютер арқылы қолжетімді мазмұнды шектеңіз.
- Балаларға Интернетте не істеуге рұқсат етілгенін және не істеуге болмайтынын түсіндіріңіз:
- әлеуметтік желілерде және басқа сайттарда тіркелу;
- Интернетте музыканы, ойындарды және басқа мазмұнды жүктеп алу;
- жылдам хабар алмасу бағдарламаларын пайдалану;

27 қараша күндері сынып жетекшілермен бірлескен жұмыс бойынша 2-4 сынып оқушыларына «Бала және заң» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында оқушыларға заң, құқық туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, тренингтер өткізілді.



28 қараша күні бірлескен жоспарға сәйкес 9-11 сынып оқушылары үшін «Жыныстық өмір деген не және ерте жүктілік немен қауіпті?» тақырыбында кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге мектеп медбикесі қатысып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар қыздарға кеңестер беріліп, жағдаяттарды шешу тапсырылды.

29 қараша күні педагог кадрлар үшін «Мен және менің ұжымым» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: - өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға:

- жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру.

4-5 желтоқсан күндері 7-8 сынып оқушылары үшін «Мен әрекеттеріме жауапкермін» тақырыбында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Жасөспірімде өз іс-әрекетіне жауапкершілікті қалыптастыру. Өзін-өзі бағалауды жетілдіру, сезімдер мен эмоцияларды басқару дағдыларын қалыптастыру.

Қатысушылардың қауіпті жағдайларда қоршаған ортаның теріс әсеріне, мінез – құлықтың әлеуметтік қолайлы формаларына қарсы тұру үшін қатысушылардың тиімді мінез-құлық дағдыларын дамыту.



6 желтоқсан күні бірлескен жоспарға сәйкес 7-11 сынып оқушыларымен «Балаларды психотропты зиянды әдеттерден қалай қорғауға болады?» тақырыбында алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: а) білімділігі: оқушыларды жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік пен темекінің жас организмге зиянды, әртүрлі жөтел, асқазан, тері аурулары осы никотин мен алкогольдің әсерінен екенін түсіндіру.

ә) тәрбиелілігі: оқушыларды мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулу.

б) дамытушылығы: қоғамның ілгері дамуына кері әсерін тигізіп, жас ұрпақтың сапасы мен өмірін уландыратын ауыр кеселдің бірі- маскүнемдік, шылым шегушілік пен нашакорлық екенін түсіндіру.

Оқушыларға зиянды заттардың зардабы туралы ақпараттар беріліп, бейнероликтер көрсетілді. Сонымен қатар оқушылар жағдаяттарды шешіп, тренинг-жаттығуларды орындады. Сабақ соңында оқушылар кері байланыс жасап, өз пікірлерімен бөлісті.



11 желтоқсан күні 9-11 сынып оқушылары үшін «Буллинг деген не?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың құқықтық сауаттылықтарын арттыру. Өзін буллингтен қорғау жолдарын көрсету.



12 желтоқсан күні 11 сынып оқушылары үшін «Емтиханға дайындықты дұрыс ұйымдастыру» тақырыбы бойынша кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мақсаты: ҰБТ - ге психологиялық қолдау, ата - ана, оқушы, мұғалім арасындағы қарым - қатынасты нығайту, оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру.



20-22 желтоқсан күндері 5-11 сынып оқушылары үшін «Мақсат-жетістік желкені» тақырыбында тренинг жүргізілді.
 Мақсаты: Оқушыларға адамның алға қойған мақсаты мен оған жету жолындағы ізденістерін саралап, нәтижелі іс жасау керектігіне назар аударту.



1-4 сынып ата-аналары үшін «Зорлық-зомбылықсыз отбасы» тақырыбында семинар-тренинг өткізіліп, жадынамалар таратылды.
 Мақсаты: Бала тәрбиесінде ата - ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіру; ата - ана бойына өздерін тәрбиеші мұғалім ретінде қарауда қызығушылықтарын дамыту; баламен дұрыс тіл табысуға, баламен қысым түсірмей, зорлық – зомбылықсыз қарым – қатынас орнатуға бағыт беру.
 Педагог кадрлардан «Қаншалықты ұстамдысыз?» сауалнамасы алынып, қорытындысы шығарылды.

8 қаңтар күні 2 сынып оқушыларынан «Үйшік» әдістемесі алынды.
 Мақсаты: оқушының зейін еріктілігін анықтау
 Әдістеме қорытындысы бойынша зейін еріктілігі төмендегідей нәтижені көрсетті.
 Өте жақсы-3 оқушы
 Жақсы-4 оқушы
 Орташа-10 оқушы
 зейін еріктілігі баяу-6 оқушы

2 сынып оқушыларының оқу әрекетінде есту арқылы шарттарды қаншалықты дұрыс қабылдағанын анықтау мақсатында «Моншақ» әдістемесі алынып, қорытындысы төмендегідей шығарылды.
 Өте жақсы-7
 Жақсы-7
 Орташа-2
 Орташадан төмен-3
 Төмен-4
 Деңгейі төмен оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу жөнінде сынып жетекшілеріне ұсыныс берілді.

9 қаңтар күні 11 сынып оқушылары үшін «Біз үрейден қалай құтыла аламыз?» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жою; өзара қарым-қатынастарын нығайту.

Қорқыныш – қатерлі жағдаяттарда туындайтын қауіп, қолайсыз эмоция. Қорқыныш – бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошығанда пайда болатын сезім, қауіп-қатер, үрей.



10 қаңтар күні ата-аналар үшін «Буллинг дегеніміз не және одан баланы қалай қорғаймыз?» тақырыбында алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Жасөспірім кезеңіндегі кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту.

- Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тірсеуі мүмкін?;
- Буллингтің белгілері;
- Буллингтің түрлері;
- Буллинг құрбаны;
- Буллингті айыру белгісі;

Суицидтік әрекетті болдырмау жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, ақпараттар берілді. Сонымен қатар бейнероликтер көрсетіліп, келеңсіз жағдайға тап болса көмектесу үшін не істеуге болады? деген сұрақтарға кеңестер берілді.




15 қаңтар күні 2-3 сынып оқушыларының «Таным процестерін анықтау» (ойлау, қабылдау, есте сақтау) үшін зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу қорытындысы бойынша сынып жетекшілерге таным процестері төмен оқушылармен жеке, топтық жұмыстар жүргізу туралы ұсыныстар берілді.

16 қаңтар күні «Темекі және оның зияны» тақырыбында алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: зиянды әдеттерден арылту, салауатты өмір салтын ұстануға үйрету


Кездесу барысында оқушыларға «Темекі – адам ағзасы үшін ойлап тапқан ең зиянды дүние болып табылатындығы. Шылымның түтінінде 30-дан астам улы заттар мен оның 1-2 қорабында никотиннің адамды өлтіретін өлімдік мөлшері у болатындығы, темекі түтініне ерекше иіс пен дәм беретін, адам зәрінің құрамына кіретін урина дейтін химиялық қоспа бар екендігі айтылды.



17 қаңтар күні педагог кадрлар үшін «Жасөспірімдік кезеңнің ерекшеліктері мен дағдарыстары» тақырыбында алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: келеңсіз жағдайлардың алдын алу, оқушыларға қолдау көрсету, сенімділік, жағымды қарым-қатынас орнату

Дөңгелек үстел барысында сынып жетекшілерге жасөспірім кезде болатын өзгерістер мен дағдарыстар туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Егер оқушының бойында өзгеріс байқалса оларға қолдау көрсету, жақсы көру, көмектесу жөнінде кеңестер берілді.



22-23 қаңтар күндері 2-3 сынып оқушылары үшін «Қабылдау мен есте сақтау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар» жүргізілді.

Мақсаты: оқушылардың танымдық процестерін дамыту, қолдау көрсету.

Сабақ барысында оқушылар жоспар бойынша түрлі жаттығуларды орындап, белсенділік танытты.



24 қаңтар күні 4, 9 сынып оқушылары үшін «Қобалжу мен эмоционалдық қысымнан арылту, стресске төзімділікті нығайту» тренингтері өткізілді.

Мақсаты:

- білім алушының өзіне деген сенімділікті қалыптастырып, пайдалы қарым-қатынас алгоритмін меңгерту;
- өзге адамның пікіріне, бағасына, сынына тәуелділікті жеңу;
- ішкі еркіндік, қарым- қатынас пен іс-әрекеттегі батылдықты дамыту;

Оқушылардың МАБ алдындағы сенімділігін арттырып, қорқыныш, үрей, қорқыныш сезімдерінен арылту үшін жоспар бойынша жаттығулар өткізілді. Оқушылар әр жаттығуға белсене қатысып, қызығушылық танытты.



29 қаңтар күні «Буллинг және оның алдын алу» тақырыбында алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: оқушыларда кездесетін буллингтің түрлері, себептерін анықтау, қиыншылықтардың және оның алдын алу жұмысын жүргізу, буллинг туралы ақпаратты кеңейту.

Кездесу барысында оқушыларға буллингтің түрлері таныстырылып, -буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?; буллинг пе, әлде жәй ғана әзіл ме? деген сұрақтар төңірегінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



1 ақпан күні 5-6сынып оқушыларымен «Шын дос-асыл қазына» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың достық туралы ұғымын кеңейту және нақтылау. Достарға деген қарым-қатынасты қалыптастыру, достықты қадірлей білу, бір-біріне көмек көрсету және қамқор болуға үйрету. Қатысып отырған оқушылардың өз ойларын ашу. Қарым-қатынас жасауға көмектесу. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

Тренинг барысында оқушылар дос, достық ұғымы туралы өз ойларымен бөлісіп, түрлі ойын-жаттығуларды орындады.



7 ақпан күні оқушылардың ой өрісін дамыту, шапшандыққа, ептілікке үйрету мақсатында 5-сынып оқушылары үшін «Оқушылардың ой-өрісін дамыту жаттығулары» жүргізілді.

Сабақ барысында оқушылар төмендегідей ойындарға катысып, белсенділік танытты.

1. «Мақсатына жет» ойыны.
2. «Гол соқ!» ойыны.
3. «Санды тап» ойыны.
4. «Шынжыр» ойыны.
5. «Жұбын тап» ойыны.
6. «Математикалық эстафета» ойыны.
7. «Лото» ойыны.
8. «Ақсүйек» ойыны. (Белгісіз санды табу)



12 ақпан күні 9сынып оқушыларынан «Кәсіби бағдарын анықтау» сауалнамасы алынып, оқушылардың қандай мамандыққа икемді екені анықталды.

13 ақпан күні дарын жетекшісімен бірлесе 7-8сынып оқушылары үшін «Интеллектуалдық ойын» өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың биология, география, математика, әдебиет пәндері бойынша алған білімдерін нығайту, пайдалана білу, іскерлікке, жан-жақтылыққа баулу.

Дамытушылық: Танымдық қызығушылықты арттыру. Тапқырлыққа, жүйріктілікке, белсенділікке дағдылау.

Тәрбиелік: Табиғат пен өнердегі сұлулықты түсіне білетін, әдептілік ережелерін бойына сіңірген шығармашылық қабілеті мүмкіндігінше дамыған азамат тәрбиелеу.

14 ақпан күні 9-11 сынып оқушылары «Зорлық-зомбылықсыз әлем» жадынама тарату жұмыстарын жүргізді.

Мақсаты: зорлық-зомбылықтың алдын алу, келеңсіз жағдайларды болдырмау, әр бала зорлық-зомбылықсыз балалық шақ өткізуге құқылы екенін түсіндіру.

Жадынамада:

- Бала тәрбиесіне үлкен мән беру;
- Баланы жақсы көру, мейіріммен қарау;
- Оның жанын түсіну, сырласу, тындай білу;
- Зорлық-зомбылыққа жол бермеу;
- Бақытты сәттерін есте қалдыру;
- Баламен бірге қыдыру, серуендеу т.б кеңестер берілді.

19 ақпан күні «1сынып оқушыларының таным процестерін анықтау» мақсатында сауалнамалар алынып, қорытындысы шығарылды.

Сауалнама қорытындысы бойынша таным процестері төмен деңгейдегі оқушылармен жеке жұмыстар жүргізу үшін сынып жетекшілерге ұсыныстар берілді.

20 ақпан күні 9 сынып оқушылары үшін «Өз мүмкіндігінді жіберіп алма» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: : әр оқушының өзіндік мүмкіндіктерін танып, оларды қабілеттеріне орай дамытуға жағдай тудыру.

Міндеттері:

- Оқушыларға адам мүмкіндіктері туралы түсінік беру;
- Әр оқушының өз мүмкіндігін танып дамытуына ықпал ету;
- Өз мүмкіндіктерін бағалай және іске асыра білуге тәрбиелеу.



26 ақпан күні 11 сынып оқушыларымен «Болашаққа жоспарлар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.


Мақсаты: "Мамандық" құндылығы туралы түсініктерді кеңейту. Мамандық таңдау, оның нәтижесіндегі еңбек қуанышы туралы ұғым беру.

Міндеттері: • - мамандық таңдаудың негізгі шарттарын таныту.

- Мамандық таңдауда оң шешім қабылдауға, еңбек қуанышын сезінуге, өзінің бойындағы қасиетін тануға жетелеу.
- Еңбекқорлыққа, еңбекті қадірлей білуге, табысты болуға тәрбиелеу.

27 ақпан күні 6-8 сынып оқушылары үшін «Қызым үйде, қылығы түзде» тақырыбында алдын алу жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Жаңа әлеуметтік даму жағдайында қыз балаларға тәрбие берудің жүйесін айқындай отырып, белсенді шығармашылық іс-әрекеттерге дайын, ұлттық және әлемдік білім нәрімен сусындаған жоғары деңгейдегі мәдениетті және адамгершілігі мол, жан сұлулығы мен тән сұлулығын қатар алып жүре алатын, өзінен кейінгі ұрпақ алдындағы жауапкершілік ұғымын түсінетін қыз бала тұлғасын қалыптастыру.



1 наурыз күні 9-10 сынып оқушыларымен «Жетістік баспалдағы» тренингі өткізілді.

Мақсаты: «МЕН» деген ұғымның жағымды бейнесін құру, көңіл-күйді көтеру, өз-өзіне деген сенімін күшейту, оптимистік сезімді қондыру, эмоциялық күйзелісін түсіру, жетістікке бағдарлау.



4 наурыз күні 8-11 сынып оқушыларынан «Дасс» сауалнамасы алынды.

Мақсаты: оқушылардың бойындағы стресс, үрей, депрессия, мазасыздану деңгейін анықтау, келенсіз жағдайлардың алдын алу, ішкі жан дүниесін түсіну, оларға қолдау көрсету.

Сауалнама нәтижесінің көрсеткіші бойынша оқушылардың бойында депрессия (суицидке бейімділік), үрей, күйзеліс анықталған жоқ.

5 наурыз күні 11 сынып оқушылары үшін «Емтихандағы өз-өзіне сенімділік» тақырыбында тренинг сабақ өткізілді.

Мақсаты: Емтиханға қатысу кезеңінде мінез-құлық стратегиясы мен тактикасын даярлау. Психоэмоционалдық қобалжудан босату.



6 наурыз күні 5-6 сынып оқушылары үшін «Ой, сезім, мінез-құлық» тақырыбында ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты:

- Жағымды көңіл күй өрісін дамыту, қатысушыларды сезімдерін айта алуға және анықтауға дағдылануды үйрету;
- «ой», «сезім», «мінез-құлық» түсініктемелерінің жіктелуі (дифференциялануы);
- Топтың ынтымақтастығын арттыру;



11 наурыз күні 7 сынып оқушыларымен «Менің құқықтарым» тақырыбында ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: • балалардың құқық туралы түсінігін қалыптастыру;

- топ жұмысын балалардың өздерінің қорытындылауы.



12 наурыз күні 8 сынып оқушыларымен «Толеранттылық деген не?» тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: • Толеранттылық ұғымын және толеранттылықтың және итолеранттылықтың негізін түсінуге қатысушыларды таныстыру;

- баска адамдардың және өзін толық, яғни қанық (адекватты) тануын дамыту.



13 наурыз күні 9сынып оқушылары үшін «Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: • қатысушылардың қиын жағдайлардың әсерін саралау мүмкіндіктерін бақылау, қиын жағдайлардан шығудың жолдарын ұсыну



14 наурыз күні 11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін «Жасөспірімдер арасындағы аутодеструктивті мінез құлқына ықпал етуші жағдайлар мен себептер» тақырыбында кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді

18 наурыз күні 4-6 сынып оқушылары үшін «Мен өмірді сүйемін» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды.

19 наурыз күні педагог кадрлар үшін «Мен ғажайыппын» тақырыбында тренинг өткізілді.

Мақсаты: қиын жағдайдан шыға білуге үйрету, эмоционалды көңіл – күйлерін көтеру, топтасып жұмыс істеуге дағдыландыру.



20наурыз күні 10-11сынып оқушыларымен «Күйзелістен қалай арылуға болады?» тақырыбында ағартушылық жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: күйзеліске теориялық тұрғыдан хабар беріп, оны бейтараптандыру мен шешу жолын көрсету, меңгерту.



26 наурыз күні 7-10 сынып оқушыларының ата-аналары үшін «Балалармен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылық» тақырыбында кеңестер беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

1 сәуір күні 11 сынып оқушыларынан «Стресс тест» алынып, нәтижесі шығарылды. Сауалнама нәтижесінің көрсеткіші бойынша оқушылардың бойында жоғары деңгейдегі стресске бейімділік, күйзеліс анықталған жоқ.

2 сәуір күні 4 сынып оқушыларының зияткерлік даму деңгейін анықтау мақсатында Э.Ф.Замбавичене әдістемесі алынды. Әдістеме қорытындысы бойынша:

Жоғары-3 оқушы Орташа-5 оқушы Орташадан төмен-8 оқушы Төмен-3 оқушы

Сынып жетекшіге зияткерлік даму деңгейі төмен, орташадан төмен оқушылармен дамыту жұмыстарын жүргізу жөнінде ұсыныс берілді.

3 сәуір күні 1-2 сынып оқушылары үшін «Білім алушының эмоционалды жағдайын бақылауға арналған жаттығулар» өткізілді.

Мақсаты: балалардың эмоционалды жағдайын тану қабілетін дамыту, өз эмоциялары мен сезімдерін басқаруға, жағымсыз эмоциялар мен әсерлерден арылуға үйрету.



4 сәуір күні 9-11 сынып оқушылары үшін «Бала құқығы – басты назарда» тақырыбында кездесу өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға заң білімі саласынан мағлұмат бере отырып, өз құқықтарын жете білуге, өз беттерімен салыстыра білуге, өмірде қолдана білуге үйрету, құқықтық білімдерін толықтыру. Кездесуге ДТДЖО А.А.Зейнуллина, әлеуметтік педагог Г.У.Бисенова, мектеп психологі Э.Н.Кудайбергенова, «Әкелер» клубының жетекшісі Е.С.Жанабаев, сынып жетекшілері қатысып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

8 сәуір күні 6-7 сынып оқушыларының бойындағы депрессия деңгейін анықтау мақсатында «Зунг шкаласы» сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды. Жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша оқушылар арасында невротикалық генездік сипаттағы жеңіл депрессиялық күй, субдепрессиялық немесе бүркелген депрессиялық күй, нағыз депрессиялық күй көрсеткен оқушылар анықталған жоқ. Қатысқан 41 оқушы депрессиясыз күй болып анықталды.

9 сәуір күні 8-11 сынып оқушыларынан стресске төзімділігін анықтау мақсатында «Стресс саған қалай әсер етеді?» сауалнамасы алынды. Нәтижесінде жоғары деңгейдегі стресске бейімділік анықталған жоқ.

11 сәуір күні 7-8 сынып оқушылары үшін «Менің отбасым-сыйластық орнаған ортам» түзету- дамыту жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларды өздерінің отбасы туралы жан-жақты білуге және балаға отбасының рөлі жайлы түсіндіру. Отбасын сүйуге, құрметтеуге тәрбиелеу.




8-11 сынып оқушылары үшін «Мен өмірді тандаймын» тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу өз-өзіне сенімділігін арттыру.




22 сәуір күні 9-11 сынып оқушылары үшін «Күйзеліс және оның алдын алу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.


Мақсаты: күйзеліске теориялық тұрғыдан хабар беріп, оны бейтараптандыру мен шешу жолын көрсету, меңгерту.



23 сәуір күні 8-11 сынып оқушыларының өмірге деген көзқарастарын анықтау үшін «Өмір сүре білейік» тақырыбында эссе жазылып, оқушылардың өмір туралы ойлары талқыланды.




25-26 сәуір күндері 5-8 сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, «Сүйіспеншілік өмір негізі» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.



3 мамыр күні 11 сынып оқушыларын емтиханға дайындықтарын нығайту, қорқынышты жою мақсатында «Емтихан іскерлік ойыны» жүргізілді.



6 мамыр күні 9 сынып оқушылары үшін «Пикник» психологиялық акциясы өткізілді.
13-14 мамыр күндері 1-4 сынып оқушылары үшін сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, «Бақытты балалық шақ» тақырыбында тренинг, тәрбие сағаттары өткізілді.



16 мамыр күні 9-11 сынып оқушылары үшін сынып жетекшілерімен бірлесіп, «Жеткіншек кезеңдегі агрессивті мінез-құлықты жеңу және төмендету» тақырыбында түзету-дамыту жұмыстары жүргізілді.



22 мамыр күні 9-11 сынып қыз балалары үшін «Ерте жүктілік-болашаққа балта шабу» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, кеңестер берілді.



2023-2024 оқу жылы бойынша психологиялық қызмет өз деңгейінде ұйымдастырылды.



(Signature)

А.А. Жакасов
Э.Н. Кудайбергенова